

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 тамыздағы N 3613 Жарлығы

Қ а у л ы е т е м і н :

1. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Жеке тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй кооперациясын одан әрі дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 19 наурыздағы N 286 Жарлығы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары, 1991 ж., N 12, 142 - құжат);

"Жеке тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй кооперациясын дамытуды жеделдету үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына, кәсіпорындары мен ұйымдарына қосымша жеңілдіктер беру және экономикалық ынталылығын туғызу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 10 сәуірдегі N 715 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 14, 229-құжат; N 25, 389-құжат; N 34, 508 - құжат);

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік тұрғын үй қорын жекешелендіруді жеделдету және мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процесін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1288 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 20, 252 - құжат; N 46, 548 - құжат);

"Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 35, 405-құжат; 1994 ж., N 33, 361-құжат; 1995 ж., N 39, 499-құжат; 1996 ж., N 26, 213 - құжат) .

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті